1
2017

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ СОВЕТ
управление и учебно-воспитательная работа в школе

Журнал 2015 жылдың мамырынан бастап қазақ, орыс тілдерінде шыға бастады

ҚАҢТАР – АҚПАН

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
Республиканский научно-педагогическиий журнал

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіздікке – тағзым

Ә. С. Тобыкбаева. "Мәңгілік Ел" болашағының кепілі – бәсекеге қабілетті мамандар даярлау 2
Қ. І. Рахимбаева. Теңге – ғасыр жаңалығы 4

Білім мен білік

Қ. И. Бірманова. Жаңартылған білім – сапалы оқушы дайындау кепілі 6
А. М. Султанова. Жастардың әлеуметтенуіне бағытталған әлеуметтік зерттеулер 8
Г. Әбен. Өзін-өзі тану – сананы тану 9
Н. Әмзебекұлы. Білім ордасындағы жаңғырған жаңа бастама.....10

Мұғалім тәжірибесінен

А. Қ. Бектемисова. Салаластың түрлерін қайталау 11
З. Ш. Пауеденова. § 17. 18 Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығы. 17
А. С. Аипова. Интервью және оның түрлері 18
Н. Ш. Абишев. § 5 Оғыз мемлекеті. (IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың басы) 19

Методика и опыт

Е. В. Шепелева. Роль общей физической подготовки в построении учебного процесса в начальных классах 21
В. В. Лазарева. Учительство – особая категория 24
Ж. Т. Жумабаева. Совершенствование профессиональной компетентности учителя для повышения эффективности и качества преподавания. 25
Е. В. Шкавронская. Путь к математике через внеклассную работу 27

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
ЖК "МҰҒАЛІМ"

Редактор
С. ХАЙРОЛЛАҚЫЗЫ

Ақылдастар алқасы:
М. БЕЛГІБАЕВ – география ғылымдарының докторы, профессор. Семей мемлекеттік педагогикалық институты.
Н. Н. ХАН – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті.
Ж. А. ТӘЖИЕВА – Шымкент қалалық білім бөлімінің бастығы.
Г. МАДИЕВА – филология ғылымдарының докторы, профессор әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

"Педагогикалық кеңес: мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы" – Педагогический совет: управление и учебно-воспитательная работа в школе журналы Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінде 27. 05. 2015 ж. Астана қаласында тіркеліп, №15386-Ж куәлігі берілген.

Басуға 18. 01. 2017 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{16}$ Шартты б.т. 2,5.

Редакцияның мекен-жайы:
050002 Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 47 (Есенов көш. қиылысы), 321-кеңсе тел/факс 8 (727) 390-19-39
электрондық пошта
M-LTD @mail.ru

Республикалық екі айда бір рет шығатын ғылыми- әдістемелік журнал
"Педагогикалық кеңес: мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы – Педагогический совет: управление и учебно-воспитательная работа в школе" №1 (13), 2017 ж.

"Білім-Нұр" баспаханасында басылды. Алматы қаласы, Мақатаев көш., 47 303-кеңсе

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналады

"Мәңгілік Ел" болашағының кепілі – бәсекеге қабілетті мамандар даярлау

Ә . С. ТОБЫКБАЕВА,
Алматы мемлекеттік көлік және коммуникациялар колледжінің арнайы пәндер оқытушысы

Жаңа формация оқытушысы – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген, білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол терең білімді «шығармашыл тұлғаны» қалыптастырып, дамыту үшін жауапты. Н.Ә.НАЗАРБАЕВ

Болашақта «Мәңгілік Ел» аталатын, тәуелсіз елдің тірегі–білімді ұрпақ десек, жаңа даму дәуірінің күн тәртібінде тұрған мәселе: білім беруді жаңашаландыру, ғылымды дамыту.Өркениет біткеннің өзегі–ғылым мен тәрбие екендігінде ешкімнің таласы жоқ. Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы.Тәуелсіздік дегеніміз – ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК. Ғылым қуып, білеміз деген оқушылар мен студенттердің еңбегі.Ол әрбір азаматтың жүрегінде, әр шаңырақтың төрінде, елімізде бой көтерген әрбір үйде, әрбір қала мен ауылда салтанат құрады. Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген шексіз сүйіспеншілік дарытатын қазақстандықтардың еңбегі.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында болашақ, келесі ғасырда, жаңа мыңжылдыққа өткен құндылықтар туралы айтты: «Біз өзіміздің болашағымызды және жастарымызды қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті. Біз ненің іргесін тұрғызғымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға алып келетін өз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екенін анық білуге және ұғынуға тиіспіз».

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беру және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Жаңа ғасыр өмірімізде жаңа бір дәуірдің басталғанын мойындатуда. Көкжиегімізде көрініп тұрған нұрлы болашағымызға жету жолдарының жақсы нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табуда. Солардың бірі - әлеуметтік орны мен ақпараттар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күшіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады. Сондықтан, білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер жасалуда. Руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сәйкес, білімнің жаңа сапасын қамтамасыз ететін реформаларды жүзеге асыру қоғамның дамуын ілгерілететіні анық. Міне, сондықтан еліміздің даму бағыты айқындалған уақытта білім берудің маңыздылығы мен оның мәнділігіне көңіл бөлініп, сапалы білімге қол жеткізуде нақты міндеттер қойылып, болашақтағы атқарылар іс-шаралар айшықталуы қажет.

Қазіргі экономиканың қарқынды дамуы заманында еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда техникалық білім берудің беделі артып отыр. Орта арнаулы техникалық және кәсіби білім беру жүйесі қызметкерлері алдында білім саласын қайта ұйымдастыру, жұмыс орындарын бәсекеге қабілетті, білікті дағдылары бар мамандармен қамтамасыз ету мақсаттары қойылған. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады. Сонымен қатар, бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамыту, оқу жоспарларына арнайы пәндер бойынша, бірінші кезекте, техникалық құралдарды қолдана отырып, қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігі айқын. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни, арнайы пәндерді оқытуда студенттердің құзіреттілігін дамыту үшін интерактивті техникаларды, ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды, интернет ресурстарын пайдалану және меңгерту.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогресстен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Жаңа типті, инновациялық білім орындарының негізгі мақсаты-жеке тұлғаны толық дамыту және білімдендіру болып табылады. ***«Инновация»*** – (лат.тілінен аударғанда - *nouis*-жаңа) жаңалау, жаңа, өзгеру деген мағыналарды көрсетеді.«Инновация» дегеніміз – білім беру үрдісін өзгертуге бағытталған педагогикалық жаңалық енгізу. Ал жаңалық енгізу, мәселелерді тиімді жолмен шешу үшін қажет.Ол төмендегідей екі міндетті талапты көрсетеді. Инновацияның ғылыми мағынасы да әртүрлі деңгейде сипатталады:

• инновацияны қиын мәселені шешуде туындайтын ерекше бір қажет идея ретінде қарастыру;

• инновацияны білім беру орындары жұмысын жоғары сатыға көтеруге бағыттау.

Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Болашақ маман иелерінің алатын негізгі білімдерінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Сондықтан әрбір оқытушы - өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, білім алушылардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

Оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын қолдану білімді меңгеру және бекіту процестерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Өйткені студенттің өз жұмысының жылдамдығын, оқу мақсатына жету кезеңдерінің сатысын өзі таңдай алу мүмкіндігі, тұлғалық ерекшелігі мен даярлық деңгейіне сәйкес тиімді жаттығуы оқу процесін дараландыруға және ізгілендіруге жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қазіргі оқу орнының, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді», - делінген.

1. Білім беруді алдын-ала дамыту қағидасы еліміздің саяси-экономикалық даму бағыттарына негізделеді. Білім беру жүйесінің адамды жедел интенсивті өзгеретін экономикалық үдерістер мен жаңа өмір сапасына бағдарлануға, қоғам мен еңбек нарығына өз үлесін қоса білуге үйретуге негізделеді.

2. Инновациялық білім беруді жобалау қағидасы. Білім беру жүйесіндегі инновацияларға көзқарастың өзі инновациялық болуы керек.

Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады. Жеке тұлғаны қалыптастыруда әрбір ұстаз шәкіртпен ынтымақтастықты орнатып, шығармашылық негізде әрекет етуі керек және мына мәселелерге назар аударғаны жөн:

• тұлғаның қалыптасып, өз бейнесін табуы, даралық, руханилық болмысын танытуы;

• оқушы тұлғасына қолдау көрсету және өзін-өзі қорғауға ұмтылдыру;

• тұлғаны түсіну, салауатты өмір мен өзіндік қатынастың негізін қалау;

• жаңа ақпаратты талдай отырып, терең меңгеруге, маңызын анықтай алуға мүмкіндік жасау;

• өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылуды нұсқау.

Осы жайттарды ескере отырып, шәкірттің «жеке тұлға» ретінде дербес өзіндік әлеміне бойлату арқылы өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндіктерін таныттырып, оны жүзеге асыруға, өз жан дүниесінің мәнділігін сезіндіруге бағыттайтын әрбір ұстаз өз қызметін үлкен сеніммен атқарғаны жөн. Себебі ұстаз ең жауапты міндетті орындайды – ол адамды қалыптастырады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Оқыту әдістемесі инновациялық, ал білім беру технологиясы креативті болуы тиіс», – деген еді. Ендеше, «креативтілік» ұғымына түсінік бере кеткеніміз жөн болар. «Креативтілік» – оқушының даралығы мен бірегейлігін көрсетеді. Философия мен психологияда «креативтілік» категориясын зерттеу мен анықтауда негізгі төрт бағыт айқындалды:

1.Креативтілік – шығармашылық процесс;

Креативтілікті дамыту тұлғалық дамудың басты көрсеткіштерінің бірі, тек қана креативтілік адамның өзінің даралығы мен зеректігі;

2. Креативтілік – жаңаны құрумен байланысты әрекет нәтижесі, шығармашылық өнім;

3. Креативтілік – интеллектуалдық немесе шығармашылық қабілет;

4. Креативтілік – тұлғалық категория, мінез-құлық ерекшелігі. Осы төрт бағыт өзара байланысты: креативті тұлға креативті процеспен айналыса отырып, креативті нәтиже береді.

Бүгінгі таңда жастар тек өз мамандықтарына сай білім алып қана қоймай, олардың өздігінен ізденуіне бағытталуы қажет. Бүгінгі білім алудағы басты құндылықтардың көзі ретінде, шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тиянақты шешім қабылдау, технологиялық және инновациялық бағыттағы жобалар болып табылады. Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлау орта арнаулы білім беру жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздеріне келіп тоқталады. Білім алып жатқан студенттерінің интеллектуалдылық тұлғасын қалыптастырудағы мамандықтың алатын ролі ерекше. Әрбір болашақ маман бәсекеге қабілетті, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген, жоғары руханиятты, халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын, интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға ретінде қалыптастырылып шығарылуы тиіс. Болашақ мамандардың бойында ұйымдастырушылық қызметі, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау, қызмет орнында, ұжымда адамгершілік, психологиялық ахуалды ұстап тұру қабілеттерін қалыптастыру ең маңызды міндеттердің бірі. Мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде білімді дамытудың негізгі жолы мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің сапасын арттыру болса, қазіргі кезде оқу орындарында кәсіби білікті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдері ұсынылуда. Мамандар даярлау бағытында білім берудің инновациялық технологияларының түрлеріне тоқталатын болсақ, олар әртүрлі: жобалау, пікірсайыс, проблемалық оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту және тағы басқалары. Бұл әдістердің нәтижесі ізденіс, зерттеу, проблемалық жұмыстар, шығармашылық ізденістерге алып келеді.

Мемлекеттің болашағы, «Мәңгілік Елдің» үміті мен сенімі жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарау – заман талабына лайықты ұстаз қызметінің басты мақсаты. Ендеше, еңсені биіктетіп, еліміздің болашағы үшін ұлт мақтанышына айналар ұрпақты жетектеп, оқытып, тәрбиелеп, ұлы бабамыз Абай Құнанбаев айтқандай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ой иірімін ұранымызға айналдырайық, әріптестер!

Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналады!

ТЕҢГЕ – ҒАСЫР ЖАҢАЛЫҒЫ

Қ. І. РАХИМБАЕВА,
Алматы мемлекеттік көлік және коммуникациялар колледжінің экономика пәнінің оқытушысы

«Қазақстан теңгесі әрдайым халық игілігіне қызмет етіп, еліміздің баюына және гүлденуіне ықпал етсін»
Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ҚазақстанРеспубликасы – егеменді, тәуелсіз, демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар.Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта.

1993 жылдың 15 қарашасында ұлттық валюта – ТЕҢГЕНІ енгізу Қазақстан Республикасы экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып табылды.Қазақстан өзінің төл валютасын қиын да күрделі жағдайда дайындап, қабылдаған болатын. Ақша мен экономиканың өзара байланысы өте тығыз, олар экономикалық жүйенің негізгі құрамы. 1991 жылы Қазақстан нарықтық қайта құруды жүзеге асыра бастады. Алайда, сол кезде жұмыс істеген бірыңғай ақша жүйесі тұрақсыз болды. Жас мемлекеттер бірінен соң бірі өздерінің ұлттық валюталарын немесе уақытша ақша белгілерін енгізе бастады. 1992 жылы рубль аймағында Қазақстан, Өзбекстан, Ресей және Тәжікстан елдері ғана қалды. Республикаға кеңестік рубльдің бақылаусыз көптеп келуі инфляцияның шарықтап өсуіне әкеліп соқты. Қазақстан өз валютасын енгізуге мәжбүр болды. Өйткені, рубль аймағында тұрып, Қазақстан Ресейдің қаржы институттарына бағынышты күй кешті, дербес монетарлық, экономикалық саясатты жүргізе алмады.

1993 жылы 3 қарашада Президенттің Жарлығымен құрылған Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия ұлттық валютаны енгізудің тұжырымдамасын дайындады. Бұл құжатта жаңа валютаның енгізілу мерзімі, тәсілі, жаңа валютаны айырбастау пункттеріне жеткізу мәселелері, қолма-қол ақшаны айырбастау коэффициенті мен лимиттері, валюта бағамын қалыптастыру және басқа маңызды мәселелер айқындалды. Ұлттық валютаны енгізудің заңдылығын сақтау және өркениетті түрде енгізу үшін дайындалып жатқан іс-шаралар туралы халықаралық ұйымдар және көрші елдердің үкіметтері дер кезінде хабардар етілді.

1993 жылдың қарашасында теңгенің айналысқа шығарылуы біздің жас тәуелсіз республикамыздың жылнамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Ол еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болды. Төл теңгеміз пайда болғалы жүргізіліп келе жатқан мемлекеттің тізбекті қаржылық саясатының арқасында елімізде нарықтық институттар макроэкономикалық тұрғыдан тұрақталып, біртіндеп қалыптаса бастады.Өзіміздің ақша бірлігімізді енгізу қазіргі кездегі қол жеткен экономикалық табыстарымыздың негізін қалады.

1993 жылдың сәуірінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банк және банк қызметі туралы" заң күші бар жарлықтарға қол қойылды. Ұлттық валюта енгізілгеннен кейінгі алғашқы екі жыл біздің еліміз үшін өте қиын жылдар болды. Жалпы экономикалық сипаттағы объективтік қиындықтар (бағаны ырықтандыруға және өндірістің құлдырауына байланысты инфляцияның жоғары деңгейі, импорт тауарларына деген қанағаттандырылмаған сұраныстың едәуір көлемі) шетел валютасына сұраныстың өсуіне, ал ізінше бағаның өсуіне әкеліп соқты. Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеген шеберлер алдымен валютамызға атау іздеген. Әуелде "ақша", "алтын" сияқты атаулар да ойда болса керек. Бірақ көпшілігі түркі сөзі "теңгеге" ықылас білдіре бастаған. Ал қағаз ақшаға халқымызға белгілі ақын-жазушы, ғалым, ойшылдардың бейнелерін салу ұйғарылды. 1992 жылы тамыздың 27-сі Ұлттық банкте теңге купюрасының үлгілерін бекіткен дизайнерлер тобы Англияға аттанды. Елімізде ақшаны бастыратын фабрика жоқ. Тіпті құнды қағаз бастыратын қаржы да тапшы еді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ол кезенді "Президенттің үлкен ойыны" фильмінде "Шетелдерге бару үшін ұшаққа жанар май, аэропортты жалға алу үшін қаржы жоқ еді",- деп еске алады. Осындай кезеңде елімізде қаржылық реформа жүргізіліп, ұлттық валютаның қажетті қаражаттық инфрақұрылымын жасау қолға алынды. Теңге Ұлыбританиядағы "Харрисон және оның ұлдары" деп аталатын банкнот фабрикасында басылатын болды. Жаңа валютаның атауы – "теңге", ал ұсағы – "тиын" еді. Халық қолына жаңа купюраны ұстап көргенде, төл теңгені бірнеше күн қызықтаған. Ағартушы Әл-Фараби, ақын Сүйінбай, ғалым Шоқан Уәлиханов, ақын Абай, Әбілқайыр хан бейнеленген теңге халықтың арасына ене берді.Елімізде валюта айырбастау пункттері ашылып жатты. Кейін Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы, Өскеменде Монета сарайы ашылды. Уақыт талабына сай теңгенің дизайны өзгерді.

Бүгінде купюраларымыздың қорғаныштық қасиеті дамыған елдер валютасымен бәсекелесе алады. Теңгені енгізудің дұрыстығына қарапайым халық араға бірнеше жыл салып көз жеткізді. Қажетті жабдықтар мен заманауи технология алынған соң, теңге өз елімізде шығатын болды. Бұл 1995 жылдың мамыр айы еді. Тұңғыш банкнот фабрикасын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі барып аштты.Ұлттық валюта күннен-күнге өз елімізде ғана емес, одан тысқары жерлерде де сенімді беделге ие бола бастады.

Өндіріс дамыған сайын, елге шетел капиталының ағыны ұлғайып, отандық ірі инвесторлар пайда болған сайын (зейнетақы қорлары арқылы) ұлттық валюта да, сонымен қатар валюта рыногы да нығая түсті.

Сонымен бірге, ұлттық валютаға да сенім арттырылды. Ақша-кредиттік саясаттың тиімділігін арттыруға «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заң (1995 ж. наурыз) себепші болды. Ол бойынша Ұлттық банк өз қызметінде тәуелсіз жәнеҚазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беретін болды. Қазіргі кезде теңгені айналысқа енгізудің өзі кез келген валюта үшін ең басты маңыздылық – оның қорғалуы. Жалпы алғанда, сатып алу қабілеттілігінен және тұрақтылығынан бастап қолдан жасаудан қорғалуына дейінгі мағынада. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан теңгесі мақтаныш етуге тұрарлық. Теңге әлемдегі неғұрлым барынша қорғалған валюталардың бірі болып отыр. Мұнда ең озық технологиялар пайдаланылған. Қазақстан теңгесі Қазақстанның ежелгі тарихы бар ел екендігін әлемге танытуда.Бүгінде еліміздің экономикалық қауіпсіздігімен мақтана аламыз. Қазақстан Республикасының валютасы Тәуелсіз егемен мемлекеттің міндетті рәміздерінің бірі – оның ұлттық валютасы болып табылады. Кез келген мемлекеттің тарихына оның бірақ рет енгізілетін өз валютасының тарихы да кіреді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 2001 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік мерейтойлық банкноттар; 2003 жылғы үлгідегі номиналы 10 000 теңгелік банкноттар, 2006 жылғы үлгідегі банкноталар бірыңғай стильде орындалған, суреттер бет жағында негізінен тігінен, сырт жағында көлденеңінен орналасқан. Тұтастай алғанда, дизайн Қазақстанның қазіргі бейнесін көрсетеді, барлық мемлекеттік нышандар, сәулет объектілерінің және елдің табиғат ландшафтарының бейнелері кіреді. Банкноталардың бет жағында орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі – қазіргі заманғы қазақстандық сәулеттің, конструкторлық және инженерлік ойдың жетістігі, тәуелсіз Қазақстанның даму нышаны орналастырылған. Банкнотаның ортасында түрлі-түсті жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері бейнеленген, оларға номиналдың сандық белгісі жазылған. «Бәйтерек» ескерткішінің сол жағында бір түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы салынған. Оң жақ жоғарғы бөлігінде – мемлекеттік жалаудың бейнесі. Банкнотаның төменгі бөлігінде сенімді, шынайылықты және әділеттілікті білдіретін классикалық геральдикада ашық алақан бейнеленген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мұражайының негізін КСРО Мемлекеттік Банкінің Қазақ республикалық кеңсесінің басқарушысы В.А.Бондаренко мен Банк жүйесінің даму тарихы кабинетінің меңгерушісі В.А.Бахарев қалаған.

Мұражайдың 1997 жылдың 13 қарашасында болған ресми ашылуына ең бірінші болып келген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев.

Мұражайдың құрметті қонақтарына арналған кітапқа: Бүгінгі күні тек республикалық қана емес, сонымен қатар


Теңге - еліміздің тәуелсіздігінің
мақтан белгісі. Қазақ халқы
игілігіне қызмет етсін, еліміздің болашағы
өркендеуіне ұмтылысқа қызмет етсін!
Башкұлды мерекелі күні құтты болсын!
Теңгенің туған күні құтты болсын!
13/XI 1997 ж.
Нұрсұлтан Назарбаев

халықаралық та мәні бар ұлттық банк мұражайының қорында 5 мыңнан астам жәдігер бар. Ал экспозицияға мыңнан астам әр түрлі жәдігерлер қойылған. Олар: алтын адамның макеті, банкноттар, монеталар, тарихи құжаттар, кәдесыйлар, алыс және жақын шетелдерден келген қонақтардың сыйлықтары, мемлекеттік банктің ҚР кеңсесі басқарушыларының портреттік галереясы, ұлттық банк төрағаларының портреттері, антиквариат жиһаздар және альбомдар.Бұл - тәуелсіз Қазақстанның тарихына алтын әріптермен жазылған күн болды. Осылайша тәуелсіз еліміз тарихының жаңа парағы ашылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ақша, несие, банктер теориясы: Оқулық. Алматы: Жетіжарғы, 2011.
2. «Қазақстан Республикасында ұлттық валютаны енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы. 12.11.1993.
3. «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 13.12.1993.
4. Ақша, несие, банктер. Ғ.С. Сейітқасымовтың редакциялығымен. Алматы: Экономика, 3,001.
5. Деньги, кредит, банки/Под ред. Лаврушина О.И. М.: «Финансы и стататистика» 1999.
6. Общая теория денег и кредита/Под ред. Жукова Е.Ф. М.: Банки и биржи, 1995.
7. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 1998.

Алматы қаласы.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ – сапалы оқушы дайындау кепілі

Қ. И. БІРМАНОВА,
«№7 мектеп-гимназиясы» КММ-нің директоры

Әлемдік білім беру кеңістігінде оқушы білімін критерийлі жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр. Жаңарту мазмұнын бойынша оқып жатқан 1-сынып оқушылары сабақтарында оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау кеңінен қолданылуда.Бұл мұғалімдердің өз сабақтарында берілген білімді берік алудың нышаны. Атап айтсам,сауат ашу пәні сабақтарында оқушыға төрт дағдыны игеру үшін оқыту мақсаттарын оқушының жас ерекшелігіне сай берілген. Оқушы тапсырманы орындай отырып тапсырмаға қойылған жетістік критерийлерін сәтті орындауға талпынып, сонымен қатар үлгірмеген тұстарын қайта түзетуге мүмкіндік бар.

Тыңдалым бойынша «Менің мектебім» тақырыбында бағалау критерийі:

Білім алушы: Сөз, сөйлем, мәтінді ажыратады.

Сөйлеу барысында тілдік бірліктерді орынды қолданады. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтады.

Дескриптор: Білім алушы:

- жұмбақтардың шешуін табады;
- жұмбақтың шешуін табуға қатысты сөздер мен сөйлемдерді атайды;
- жұмбақтардың шешуін қатыстырып, сөйлем құрастырады.

Оқушыға қойылған бұл өлшемдер арқылы оқушының толықтай бағалау және қалыс қалған тұстарын жеткізуге көмектеседі. Тыңдалған материалды мазмұндау және оны түсіну деңгейін бақылауға болады. Оқушылармен оқылым, жазылым дағдыларын игертуде дискрипторлармен жұмыс жасап отыру қарастырылған.

Жиынтық бағалау осы уақытқа дейінгі қалыптастырып келген дағдыларды қорытындылай отыра бақылау кескіндері алуға бағытталған. Ата-аналар өз балаларының білімді игеруде қалыс қалған немесе жақсартуды талап ететін тұстарды рубрикалар арқылы бақылап көре алады. Бұл ата-аналардың бағалау өлшемдеріне сенімділікпен қарауына көмектеседі. Тиісті балды алғаннан кейін оқушылардың қорытынды балы бағаға айналдырылады.

Ұстаздың жұмыс жүйесі жаңа мазмұндағы оқу бағдарламасы, оқу жоспары, критерийлік бағалау басшылығы үлестірме материалдарға негізделген. Жаңартылған бағдарламада оқушылардың төрт дағдыны дамытуға ерекше мән берілген. Оқушыларда айтылым дағдысы қалыптасқан, бірақ тыңдалым дағдысының қалыптаспағанын сабақ барысынан көре алдым. Айтылым, тыңдалым,оқылым, жазылым дағдысына оқыту үдемелігімен дайындау қарқыны жүріп жатыр. Болашақтың адамзат қоғамын ілгерілететін күш тек білімде ғана екені сөзсіз. Еліміздегі білім саласындағы жаңартылған білім мазмұны, жаңаша оқыту соның айғағы. Оқушылар бақылауға алынып қана қоймай, психологиялық тренингтер, мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатында сабақтарға қатыстық. Өткізілген сабақтарға байланысты талдау жасалып, талқыланды. Білім сапасын жақсарту мен келешекте бәсекеге қабілетті ұрпақ жолында енгізілген аталмыш бағдарламаның рөлі аса маңызды деп есептеймін. Бұл тұста оқушылардың қоршаған ортаға ұғымдары кеңейіп, ойлау қабілеттері артып,пайымдау дағдылары шыңдала түседі. Ұшқыр ой, ұтымды жауапты қажет етеді.Өркениеттің көшінен қалмау заман талабы. Барлық игілік оқумен келетінін Ахмет Байтұрсынов “Ұлттың ұлағаты – мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты – оқу мен әдебиетте” деген сөзі осыған келіп саяды. Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесінің қыр-сырын зердеге тоқып енгізіп келеміз. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуынан оқытудың парадигмасы да өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтті. Мұндай бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді.

Қоғамда жаңа өзгерістер мұғалімдердің кәсіби біліміндегі жаңашылдықты талап етеді. Қазіргі сәтте өзгерусіз қалу өте қауіпті. Білімді орташа меңгерген оқушылармен қатар жоғары меңгеретін балаларды бақылауға алдым. Соның нәтижесінде қалыптастырушы бағалаудың нақты және нәтижелі екені анық байқалады. Бұл бағалаудың тиімді жақтарына сыныптағы қалыпсыздықтың реттелуін, өзін-өзі бағалауға мүмкіндіктерінің туғанын, өзін-өзі сараптап және бақылай алуға болады. Бұл менің алып отырған стратегияларымның дамуына зор септігін тигізді. Осылайша, 3-ші тоқсан басталғаннан бергі уақыт аралығында математика пәнінен екі жиынтық бағалау жұмысы өткізілсе, ал жаратылыстану пәні бойынша 1 бөлім аяқталып, жиынтық бағалау өткізілді. Бірінші бөлім аяқталған кезде 10 мин уақыт берілсе, екінші бөлімді аяқтағанда 15 минут уақыт беріліп, тапсырмалар орындалды. Ең бастысы оқушы үшін тиімділігі: күнделікті бағасын күтетін оқушы өз нәтижесін көру үшін жиынтық бағалаудың болатындығынан хабардар бола отырып ата-анасымен, өзі дайындалып, бөлімді қайталайды, нәтижесін естігенше асыға күтеді.

Сауат ашу пәні бойынша ЖБ тапсырмасын орындау барысында тиімді болғаны:

-оқушылардың бөлім бойынша білім деңгейін анықтау.

-әр оқушының тыңдалым және айтылым бойынша дәрежесін білу.

- тапсырманың кезеңдер бойынша ретімен берілуі және белгілі дескрипторлар арқылы бағалау.

- мұғалім мен ата-ана арасында баланың білім деңгейінің көрсеткіштері талданып, кері байланыс қалыптасып отыратыны.

Тиімсіз жақтары: Кейбір оқушылар үшін тапсырма мазмұны қиындық тудырады.

-ЖБ тапсырмасына берілген уақыты мысалы 25 минут әр оқушыны жеке тыңдау, сұрақтар арқылы түсінігін анықтау үшін сәйкес келмеуі.

Ата-ана үшін тиімділігі: жиынтық бағалаудың болатындығынан хабардар бола отырып, өз баласымен дайындық жұмыстарын жүргізеді, қорытынды рубрикасы арқылы баласының білім деңгейімен таныс болады, түзету жұмыстарын жүргізуге көмек көрсетеді.

Тиімсіз: үйде ата-ана баласы үшін көмек көрсетеді, бірақ соның нәтижесін күнделікті бағамен көре алмайтындығын өз пікірімен білдірді.

Мұғалім үшін тиімді: Әр бөлім сайын оқушылардың білім деңгейін анықтай алу, сараптау, оқушыға орындай алмаған тапсырмаларын түзетуге мүмкіндік беру.

- мұғалім мен ата-ана арасында баланың білім деңгейінің көрсеткіштері талданып, кері байланыс қалыптасып отырады.

- тапсырмалардың мазмұны оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, ізденушілік қабілеттерін арттырып, заман талабына сай төселеді.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор Білім алушы	Балл
Тыңдалған мәтіннің кім/не туралы екенін анықтайды	1	Мәтіннің тақырыбын анықтайды; Мәтінге ат қояды; Мәтінге сәйкес ақиқат ақпаратты табады; Мәтінге сәйкес жалған ақпаратты табады;	1 1 1 1
Сипаттау/салыстыру сөздерін пайдаланып, әңгімелейді	2	Әңгімелеу барысында өзі тұратын жерді сипаттайды; Әңгімелеу барысында салыстыра сипаттап айтады;	1 1
Дыбыстарды түрлеріне қарай (дауысты және дауыссыз, жуан/жіңішке дауыстылар) дұрыс ажыратады	3	«кеме» сөзін жазады және дыбыстық сызбасын көрсетеді; «зәкір» сөзін жазады және дыбыстық сызбасын көрсетеді.	1 1
Барлығы:			***8***

Оқушының жұмысын өлшемдер арқылы бағалау нәтижесін жақсартуға, не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік берсе, жетістігі үшін мадақтап, қолдау көрсету бойына сенім ұялатады. Сабақтардан байқағаным бағалауды пайдаланғанын талдай келе оқыту үшін және оқу үшін бағалау тиімді екені көз жеткіздім. Сонымен қатар ішкі, сыртқы және мұғалімнің бағалауы бар. Мұғалімнің бағалауы (мадақтау, ынталандыру, тілек айту және смайликтерді беру) оқушының көңіл-күйіне әсер етіп қана қоймай,оны алдыға жетелейді деп толық айта аламын.

Жалпы саралай келе байқағаным: бала жан-жақты дамиды, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне жағдай жасалады, табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ете алады. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу дағдылары қалыптасады. Оқушы тыңдау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді өн бойынан күнделікті өткізе отырып, өмірлік қажеттілігіне айналдыра алады.

Сонымен қатар қалыптастырушы бағалау мұғалімнің іс-тәжірибесін икемді тиімді қолдануға арналған құралы деп айтсам артық емес. Нәтижесінде жұмыстарының ілгері жылжығанын көрсетеді. Әр оқушыға көңіл бөлінеді. Әсіресе нашар оқитын оқушыларға назар көп аударылатын болды. Жақсы көрсеткіштер көрсетіп қана қоймай, берілген оқу материалдарын жетік меңгере бастады. Сабақтың әр кезеңі оқушының өз бетімен білімге ие болу мақсатында салыстыру, ізденіс, зерттеу іс-әрекеттері жоспарланып жеке, жұптық, топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мектеп мұғалімінен кәсіби құзыреттілікті талап етеді. Бастауыш сынып мұғалімі ақпараттық, сандық-мультимедиялық технологияларды жетік меңгермейінше, оқушы бойына ешқандай дағдыны дарыта алмайды. Білім алушы қажетті ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуы, түсінуі және түрлі салада пайдалана алуының бір жағы мұғалімге байланысты.Ол үшін тәжірибелік дағдысы болуымен қатар өзгелермен тіл табыса алуы құзыреттілігі тұрады. Осы жағдайға зерделей келсек барлық дағды да білік пен білім де бастауыштан басталады. Дәлелдерді талдау мен бағамдауды және ойлау дағдылары туралы ойлануды үйренеді. Мұғалім тілінің бай, көркем, оралымды болуы сөйлеу тілі қалай дамыған болса, одан білім алған баланың сөйлеу тілі де солай дамиды. Берілген оқу мақсаты бірнеше рет қайталана келіп оқушының сабақта білімін нақтылауға кеңейтуге негізделіп отырады.

Алдыңғы білімдегі сипаттар жаңа қадам зияткерлі еңбегінің, шығармашылығының ізденісінің нәтижесі. Білім сапасы, инновациялық үлгі, бәсекеге қабілеттілік, озық технологиялар, басқарушылардың кәсібилігі, жоғары мәдениеттілік жауапкершілігімен білім ордасы бағаланады.Назарымызды өткеннен бүгінге бұрып, дамудың биік сатысына жетуде аянбай еңбек ете берейік!

Рудный қаласы

ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР

А.М. СУЛТАНОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі таңда Қазақстанның өркениет жолымен үздіксіз алға жылжуына басты кепілдіктерінің бірі – заманауи жастардың әлеуметтік мәселелерін айқындау қарастыру басты міндет болып табылады. Болашақ ұрпақ, қазіргі жас буынды жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеумен қатар, олардың өз еліне, ұлттына, салт-дәстүріне деген отан сүйгіштік сезімін арттырып, осы бағытта тәрбиелеудің маңызы зор. Сонымен қатар, жастардың аяғынан тік тұрып кетуіне, шынайы патриоттық сезімін нығайтуға жастармен жұмыс жүргізіп, оларға қолдау көрсетуіміз қажет.

Ғылымда әлеуметтену анықтамасының бірнеше түсіндірмесі бар. Қалай да болса, әлеуметтену түсінігі арқылы адамдар әлеуметтік нормаларды игеріп, соларға сәйкес өмір сүруге ұмтылатын үдеріс ретінде оны қарастырады. Жеке тұлғаның әлеуметтенуі тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін қалыптастыратын мәдениет, құндылықтар, нормалар арқылы түрлі әлеуметтік қоғамдастықтардың бірігуімен нақты әлеуметтік қатынастар әлеміне кіруімен ұштастырылады. Әлеуметтену тұлғаны әлеуметтік қарым-қатынастар ортасына, сол қатынастардың субъектісі ретінде енгізуді көздейді.

Әлеуметтенудің негізгі бағдары – әлеуметтік нормалар мен қоғамдық мүдделермен реттелетін тұлғаны қалыптастыру. Қоғамның дамуы мен күрделенуіне байланысты әлеуметтенудің де дамуы жүреді, себебі ұрпаққа нормалар мен құндылықтарды беру үшін әлеуметтенудің құрылуын қоғамдық дамуда бірлесу факторы ретінде көрсету керек. Қарапайым қоғамда құндылықтар мен нормаларды жаңа ұрпаққа берудің арнайы қызметі қажет емес. Әлеуметтену қарапайым биологиялық өндіріспен байланыспаған, әлеуметтік тұрмыспен байланысқан әлеуметтік институт, бұл жерде бірте-бірте дамыған әлеуметтік тәжірибе маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік көзқарас бойынша индустриалды қоғамға дейін ұрпақтар болмаған, тек индивидтердің қызметтік мүмкіндіктерінің биологиялық, геронтологиялық бөлінуі болды.

С.В.Полутин әділетті түрде атап өткендей «индустрияланған қоғамнан қоғамға дейін жастардың әлеуметтенуі табиғи жастық бейімделу жолымен жүрді». Осындай коммуникация барысында барлық қауымдастық үшін маңызды нәтижеге қол жеткізіледі, үлкендермен бірігіп жұмыс істеу барысында жастар тек еңбектік және коммуникациялық дағдыларға ғана үйренген жоқ, сонымен қатар, ең бірінші, ата-аналарының әлеуметтік-рөлдік мүмкіндіктеріне байланысты беделдік ұстанымдарына және жыныстық жастық сипаттамаларына байланысты дағдыларға үйренді. Индустриалды қоғамда әлеуметтенуші индивид физикалық түрде тіршілік ете алатын күнделікті өмір сүру дағдыларын қаншалықты игергені аса маңызды болып табылмайды. Оның өз әлеуметтік тобының өмірлік маңызды құндылықтары мен нормаларын игеру терең мәнге ие болды. Өздерінің жекешеленген алаңы бар нақты әлеуметтің құндылықтарын тарату әлеуметтік институттың фундаменталды міндеті. Әлеуметтену өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті: үлкен ұрпақтан жас ұрпаққа негізгі еңбек және коммуникация дағдыларын интуитивті, стихиялық түрде беруден, сонымен қоса әлеуметтік тәжірибені беру мақсатындағы саналы түрде ықпал етуге дейін

Әлеуметтену теориясына үлес қосқан ғалым Т.Парсонс өз еңбектеріндегі құрылымдық – қызметтік сараптама шеңберінен тапты. Парсонс әлеуметтену үдерісі қоғамдағы әлеуметтік үдерістер сипатымен және тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен анықталады деді, олардың көмегімен интериоризация – білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін игеру, экстериозация – әлеуметке жаңа мәдени образдар мен құндылықтарды жасау арқылы тіршіліктің жаңа формалары мен тәсілдерін енгізу. Жастардың әлеуметтенуінің сәттілік белгісі олардың тиімді рөлдік мінез-құлықты орындауды және ересектер әлеміне беделді өтуін қамтамасыз ететін әлеуметтік құзыреттік пен барабарлыққа қол жеткізуі, әлеуметтік белсенділік таныту, қоғамға сіңісуге тілек білдіру. Нормативтік жүйені институтциаландыру жеке адам тұлғасында күту жүйесінің интернализациясымен толықтырады.

Қоғамның басымдылықтарының, дәстүрлері мен құндылықтарының жылдам өзгеруі, әлеуметтену агенттерінің жаңа тәжірибелері айтарлықтай кең көлемде қоғам құндылықтарының құрылымы мен жастардың мінез-құлық мотивтерін өзгертеді. Бұл үдерістер елдің әр аумағында өзіндік ерекшеліктеріне ие, оның үлкен қала мен кішкентай қалаларда, орталықтар мен аудандарда жүзеге асуы әр түрлі формада өтеді.

Виртуалды шынайылылықтан пайда болған қарым-қатынастың жаңа формасы адамдарға өз ортасын көбейтуге, шынайылылыққа, адамның жеке қасиеттері оның статусынан жоғары тұратынын түсіндіреді. Сондықтан әлеуметтік оқытусыз индивидтерде берілген шындықпен қарым-қатынасқа түсу қиындайды. Бұдан басқа виртуалдық белгілі бір сатыда жас адамның санасында шындыққа айналып, қоғам ортасында ол масштабты негатив қалдыруы мүмкін. Жастар ортасының

өзі қарым-қатынаста катализатор сияқты жұмыс істейді немесе тежеуіш сияқты позитивті және негативті әсерлер үшін қызмет атқарады. Заманауи коммуникациялар мен ақпараттық кеңістікпен дұрыс қатынаста бола білу жастар таралымы болып барады.

Жастарға жүргізілген зерттеу нәтижесінде жиналған ақпараттарға SPSS бағдарламасында салынып жасалған қорытындыларға тоқталсақ: «Ірі қалаларда ауыл жастарының әлеуметтенуіне әлеуметтанулық талдау» тақырыбына арналған сауалнама жүргізілді. Сауалнама ҚазҰУ студент жастарына таратылды. Сауалнамаға 60 респондент қатысты. Соның ішінде 21 ер, 39 әйел адам. Сауалнамаға қатысушылар 16 және 20 жас аралығындағы жастар қатысты. Сауалнама 15 сұрақты қамтыды.

Кейбір сауалнамаларға тоқтала қорыта айта кетсек, көптеген жастар жоғары білім алуға ұмтылады. Жастар жоғары білім арқылы сапалы білім алуға, болашақта кәсіби табысқа және жоғары табысқа жетуге болатынын біледі

Атап айтқанда, жастар қоғамның бірден-бір құндылығы, байлығы. Өмірдегі өзін-өзі танудағы мәселелерді жастар өздері шешеді. Жас буын алдына қандай мақсат қояды, қандай бағыт-бағдар ұстанады соған сәйкес қоғам дамуы анықталады. Сондықтан өмір сүру страегияларын зерттеу және жастардың мақсат жоспарларын анықтау өзекті.

Қазіргі қазақстан жастарының мәдениет бейнесі мен ойлауы бірнеше жылдан кейін біздің әлеуметтік-мәдени шынайылыққа тән нәрсе болып кетеді. Өзінің табиғаты бойынша жастар қоғам үшін мәнді, бұл сол адамдық капитал, қоғамның инновациялық, стратегиялық ресурсы. Қазіргі уақытта жастар тарих субъектісі болып табылады, әрбір кезеңде қоғам өзінің өзіндік дамуын қайта өндіреді, оның статустық позициясы өседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Алтынбаев Р.З. Социальный потенциал молодого города // Соци- ол.исслед. - 1998. - № 11.-С.45-51.
2. Абдраймова Г.С. Социология молодежи. Социология молодежи, Учебное пособие. – А., 2008.
3. Әбдікерова Г.О. Әлеуметтану. Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Алматы қаласы

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ – САНАНЫ ТАНУ

Гүлзира ӘБЕН,
«Өзін-өзі тану» адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжінің ҚМ-304 тобының 3 курс студенті

Әр адамзат баласы өзін жете танып, білу арқылы өмірге деген құштарлығы артады. «Өзін-өзі тану» пәні де өзінді терең тануға, айналаңдағы тылсым табиғат пен басқа адамдар туралы сенің санаңның жетілуіне ықпал етеді. Әрбіріміз өмірде өз орнымызды тауып, жетістікке жетсек дейміз. Осы ойымызды ұштауға, жүрегімізді жақсылыққа жетелейтін «Өзін-өзі» тану пәнінің орны ерекше. Сара Алпысқызы ұсынған «Өзін-өзі тану» жобасы қазіргі таңда әр жасөспірімнің рухани жетілуіне ерекше ықпалын тигізуде. Жастар мен балалар аталған пәнді оқу арқылы олардың көкжиегі кеңейіп, шығармашылық өрісі бастау алды. Ана мен бала, табиғат пен адам, адам мен қоғам арасындағы тығыз байланысты үлкен махаббат, сүйіспеншілікпен сыйластық үйлескен арнаға ұласты. Өйткені, мұнда олардың қоғамға және өмірге деген өзіндік көзқарасы, пікір ескерілген. Сонымен бірге, бұл пән қандай да бір уақыттық шеңбермен шектелмейді, ол өмір бойы жалғасын тауып үлкен шексіздікпен жақсылыққа жетелейді.«Өзін-өзі тану» курсы адамның өзін-өзі тануына, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзінің кейпін өзгертпеуге, адамгершілігін және әрқашан адам қалпын сақтауға көмектеседі. Негізінде, адамзат тарихының өзі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдірудің тұрақты және үздіксіз процесі болып табылады»,-деген Назарбаева Сара Алпысқызының сөзінен бұл жобаның өміршеңдігін аңғарамын. Себебі, өзін тану арқылы әр бала өз болашағын бағамдап, шығармашылығы дамып келеді.1997 жылдан бері «Бөбек» оқу-сауықтыру орталығы ашылып, баланы қорғау проблемаларына ерекше назар бөлінді.Содан бері «Бөбек» қоры «Қазақстан кәсіпкерлерінің наукас сәбилерге көмегі» атты ең ауқымды қайырымдылық акциясын өткізіп келеді. Алғашқы он жылда қор негізінен балалар үйлері мен балалардың денсаулық сақтау мекемелеріне қайырымдылық көмек көрсетсе, көптеген студенттерге де әлеуметтік шаралар ұйымдастырылып келеді. Бүгінде С.А.Назарбаеваның тікелей бастамасымен құрылған көп салалы «Бөбек» ұлттық орталығы табысты еңбек етуде. Оның құрылымына «Өзін-өзі тану» балалар бақшасы, «Өзін-өзі тану» гимназиясы, «Өзін-өзі тану» гуманитарлық колледжі, Адамның үйлесімді дамуы институты, обсерватория, балаларды сауықтыру қызметі қарапайым отбасылардың алғысына бөленуде. Аталған колледждің соңғы курсында оқып жүрмін. Өскелең ұрпақты қорғауға арналған жоба маңызын терең түсіндім. Жоба нәтижесінде көптеген қамқорлықтың куәсі болдым. Үлкен мақсатқа ие болдым. Аз уақыттан соң «Өзін-өзі тану» бағдарламасының дипломын алып, өз ортама адамгершілік-рухани бағыт беремін, бала бойына адамдық құндылықтар туралы білімді тереңдетуге атсалысамын. Адам жанын жақсылық пен сүйіспеншілікке толтыратын «Өзін-өзі тану» пәнінің талай жанның жүрегіне қуаныш пен бақыт ұсынатыны сөзсіз.

Алматы қаласы

БІЛІМ ОРДАСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРҒАН ЖАҢА БАСТАМА

Нұржан ӘМЗЕБЕКҰЛЫ,
Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі

«Кино – өмір, өмір – кино», - деп Елбасымыз айтқандай, қазіргі күні киноиндустрия саласы өміріміздің бір бөлшегіне айналуда. Кино тағдырын шешетін құдірет қашанда, қалың көрермен. Дегенмен, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, кадр сыртында және кадр ішінде көптеген адамдар біріге отырып, мандай терін төгіп, ақтық күшін сарп етіп жасаған жұмыс жемісті болары хақ.

Колледжге тоқталып өтсем, АМПК өз жұмысын 1941 жылдан бері жемісті жүргізіп келе жатыр. Колледж базасында «Киноиндустрия» бөлімі жемісті жұмыс жүргізіп келеді. Бөлімде «Болашақ» оқу телестудиясы жұмыс істейді. Оқу телестудиясының тарихына тоқталатын болсам, 2009 жылы арнайы пәндер оқытушысы Сейітов Нұрболат Мұхитұлы мен Майлыбаев Нұржан Әмзібекұлы бірлесе отырып телестудия негізін құрған. Қазіргі таңда телестудия жетекшісі – Майлыбаев Нұржан Әмзебекұлы.

Оқу телестудиясы өз тарапынан 1 және 2 курс студенттеріне арнайы «Оператор шеберлігі», «Бейне – инженер» сынды үйірмелер өткізеді. Үйірменің басты мақсаты: киноның тәлім – тәрбиесін, маңызын түсіндіру, ой – өрістерін дамыту, ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру, Photoshop, Edius, Corel Draw, Primer Pro және осы сынды бағдарламаларда жұмыс жасауды үйрету.

«Болашақ» оқу телестудиясының қолдауымен «Болашақ» телеарнасы құрылып, 2009 жылдан бері көп санды апталық жаңалықтар айнасы түсіріледі. Жаңалықтар бағдарламасы Алматы қаласының колледждер қауымдастығы тарапынан оң нәтижеге ие. Телеарнада 3 курс студенттері жұмыс атқарады. Ерекше күндер тізбегі телеарна назарынан тыс қалған емес. Колледж өміріндегі өзекті мәселе, ерекше жиындар, мерекелік кештер, еліміздегі атаулы күндер өзегінде сұхбаттар жүргізіп, шолу жасап жаңалықтар түсіреді. «Болашақ» оқу телестудиясының қоржынында көп санды апталық жаңалықтар, 2009 – 2016 жылдар аралығында өтілген мерекелердің фотосуреттері мен бейнебаяндары, 50-ден аса қысқа және толық метражды фильмдер бар. Халық ықыласына бөлінген фильмдерді атап өтсек: «Кеш қалмайық», «Шексіз махаббат», «Жаңұя уақыты», «Студенттік өмір», «Любовь без слов» және Алматы қаласының әкімдігінің арнайы тапсырысы бойынша түсірілген «Суицидке жол жоқ» атты тәрбиелік мәнді фильмдер.

Оқу телестудияда көптеген құрылғылармен жабдықталған. Олар: профессионалды видеомонитор, студиялық жарық қорабы, Canon камкордері, профессионалды видеокамера, LED теледидары, Nicon фотокамерасы, квадрокоптер, моноблок, ПТС, кран. Бұл жабдықтар студенттердің оқу барысында мамандықтарын жақсы игеруге көмектеседі. Колледж қабырғасында жүріп-ақ студенттер тек қана теориялық ілім ғана емес, кәсіби тәжірибе жинайды. Фото және видеокамераларда сурет және бейне түсіріп, оны өңдеуді меңгереді. Кранда құрып және оны кері бөлшектей алады. ПТС құрылғысында бір уақытта бірнеше камерамен жұмыс атқаруды, камераларды қосып өшіруді жетік меңгереді. Видеоинженер және болашақ маман ретінде іргетасы нық қаланып, болашақта еліміздің киноиндустрия саласында елеулі орын алатын маман болуы үшін барлық студенттерге топтық дәрістер мен қатар жабдықтарда жұмыс жасап үйренуі дұрыс деп есептейміз.

Оқу телестудиясы Әуезов ауданы әкімшілігімен, Нұр Отан аудандық бөлімшесімен, қалалық білім басқармасымен және республикалық ұстаздар білімін жетілдіру институтымен бірігіп жұмыс жүргізуде. «Болашақ» телестудиясы қалалық деңгейде жарыстар өткізуден мол тәжірибе жинақтаған. 2015–2016 оқу жылында Алматы қаласының 1000 жылдығына орай, Алматы қаласының әкімдігінің қолдауымен, Әуезов ауданының тапсырысы бойынша «Менің сүйікті қалам – Алматы», «Күзгі әуен» атты тақырыптарда қалалық фотоконкурс өткізілді. Осы жылдың күз айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Жұлдызы жанған Қазақстан» атты фотоконкурс өткізілгелі отыр.

Оқу телестудиясы 2011 жылы Алматы қалалық колледждер аралық кабинеттер мен зертханалар байқауынан 1 орынға, 2016 жылы Алматы қаласы колледждер қауымдастығының Президенті шешімімен «Үздік оқу телестудиясы» атағына ие болды. Студент жастарды – оператор мамандығына даярлаумен қатар, қала көлемінде атқарып жатқан шығармашылық жұмыстар нәтижесінің бағаланғанына қуаныштымыз. Оған қоса, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудегі табыстар, ерлік пен еңбек даңқы мұражайының жұмыстарына белсене араласқаны үшін, колледж директоры Н.Ж.Жабықбаев Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар оқу телестудиясының жетекшісі Н.Ә. Майлыбаев пен студияда жұмыс атқарып жүрген 3 курс студенттері Ж. Жақсылық, Д. Кенжекова, А. Тұрсынғалиқызы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған қалалық «Жұлдызы жанған Қазақстан» фотобайқауында алғыс хатқа ие болды. Телестудияның болашағы зор. Келешек ұрпақ күнде жаңарып жатқан жаңа технологияларды меңгеріп, колледжіміздің, қаламыздың, еліміздің игілігіне жаратары сөзсіз.

Алматы қаласы

САЛАЛАСТЫҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

А. К. БЕКТЕМИСОВА, «Мақтарал ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сынып: 8

Құзырлылықтар каталогы			
Базалық құзырлылық:	Оқу іскерлігі		
Құрамды құзырлылық:	Ақпаратқа сызбалық талдау беру		
Әдіс, амал, операция, құрал/цикл:	Топтастыру әдісі, пікір-болжам, бағалау, тест, талдау, сұрақ-жауап, дамыта оқыту, салыстыру		
Дидактикалық дәреже/категория:	жоғары	Мақсатты әлеуметтендіру	
Оқу орны:	«Дарын» мектеп-интернаты	“Табиғат”	Тұрақты дамуды қамтамасыз ету
Базалық оқулық:	қазақ тілі	«Қоғам»	Жеке интеллектуалдық әлеуетті көрсету
Автор:	С.Исаев, Г.Қосымова	«Мен»	Лингвистикалық дүниетанымдарын, өз бетінше зерттеп оқу дағдыларын қалыптастыру
Сабақтың жалпы мақсаты:	Оқушылардың салалас құрмалас сөйлем жөніндегі білімдерін тиянақтау; Салалас құрмалас түрлерін практикада орыныды қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, салаластың түрлерін еркін айыра білуге дағдыландыру, көркем тілмен сөйлеу шеберлігін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз беттерімен ізденушілік дағдыларын қалыптастыру; Қазақ тілін құрметтеуге баулу, киелі сандарды қастерлей білуге тәрбиелеу, күндердің қасиетін ұғына білуді үйрету, тіліміздегі асыл сөздердің мәнін түсіндіре отырып, сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерді ұялату, салт-дәстүрімізді қастерлей білуге тәрбиелеу.		
Сабақтың типі:	Білімді қорыту және жүйелеу сабағы		
Сабақтың түрі:	Саяхат сабақ		
Тілдік мақсаттар:	Қажетті термин сөздермен танысады: халифа, шәріп, жұт, торсық, келі, абдыра, кебеже, сырмақ, қапсырма, тұскиіз, алаша, саба, күбі, малта, қозекей, бұжы, асадал		
Алдыңғы тақырып:	Кезектес салалас		
Блум таксономиясына сәйкес тапсырманың деңгейі			
Оқу тапсырмалары			45

Теориясы «Білу» (Кім? Не? Қашан? Қайда? Не істеді?)	**Ой ашар.** Алдымен оқушылар түрт түліктің төлдері жазылған қиындылар арқылы төрт топқа бөлінеді: «Шопан ата» тобы, «Ойсыл қара» тобы, «Қамбар ата» тобы, «Зеңгі баба» тобы. Топ атын қорғайды: әр топ өз атауына байланысты салалас құрмалас сөйлем ойлап, айтады, түрін ажыратады. Бүгінгі сабақты саяхат сабақ түрінде өтетінімізді хабарлап, алдымен киелі, қасиетті сандарды еске түсіріп аламыз. Содан соң оқушылардан қасиетті 3, 4, 5, 6, 7, 9, 12, 40 сандары туралы не білетіндерін сұрап, мынадай сызбалар арқылы толықтырамын. Топтастыру әдісі арқылы ойымызды топтаймыз. *1-слайд* *2-слайд* 

Теориясы «Білу» (Кім? Не? Қашан? Қайда? Не істеді?)

3-слайд



4-слайд



5-слайд



Осылай қасиетті, киелі сандармен танысып болған соң бүгінгі сабағымызда осылардың ішіндегі аптаның жеті күніне саяхат жасайтынымызды оның ішінде қазақ халқының салт-дәстүрлеріне тоқталатынымызды айтып, саяхат жасау ережесімен таныстырып өтемін. Саяхат күндердің реті бойынша жүргізіледі. Аптаның әр күніне саяхат жасап, сол күннің берген тапсырмасын орындауымыз керек екенін түсіндіремін. Сонымен саяхатымызды бастаймыз.

Аптаның алғашқы күні – дүйсенбі. ***Дүйсенбі күннің тапсырмасы:*** Өткенді еске түсіру. Қазақта мынадай ырым бар: *Дүйсенбіде сапарға шықса, жолы сәтті болып, саудасы жүреді. Тырнақ алғанның ақылы артып, зейінді, ұқыпты, жақсы болады.* Олай болса, сапарларыңыз сәтті болсын дей отырып, Дүйсенбінің тапсырмасын орындауға белсене қатысуға шақырамын. Сабақтың бұл кезеңін Ой шақыру деп деп атаймыз да, салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері жөніндегі білімдерін еске түсіреміз. Бұл еске түсіру «Киіз үй тігу» арқылы жүзеге асырылады. Алдымен киіз үй туралы түсінік беріледі.

Киіз үй – қазақтың заттық, тұрмыстық мәдениетінің көрінісі. Киіз үй – Орталық және Орта Азияны қоныстанған мал өсірушілердің негізгі баспанасы. Ол мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсатқа арналуына қарай 4 түрге бөлінеді: жаздық тұрғын киіз үй, мереке-жиынға немесе қадірлі қонақты күтуге арналған салтанатты киіз үй, жорық кезінде тігуге арналған абылайша немесе жолым және асхана, қойма, сарай ретінде тігілетін киіз үй. Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атаған.

Енді киіз үй бөліктеріне жасырынған сұрақтарға жауап бере отырып, ретімен киіз үйді құрамыз. Әр топқа тапсырмалар беріледі. (Топ мүшелері сұраққа жауап берерде киіз үйдің құрылу реті бойынша жауап берулері қатаң ескерілуі керек. Мәселен, алдымен кереге керілетін болғандықтан, керегенің қиындысына жазылған сұрақтарға, сонан соң уық арқылы шаңырақ көтерілетін болғандықтан, шаңырақтың сұрақтарына, сонан соң сықырлауықтың сұрақтарына жауап берулері керек (Демек, әр топтың киіз үйді құруды неден бастайтыны бақылауда болуы керек).

1-топ сұрақтары:

Құрмалас сөйлем деп қандай сөйлемді айтамыз? Оның түрлерін атаңыз.		
Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? Оның түрлерін атаңыз.	Қарсылықты салалас дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.	Ыңғайлас салалас дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.

2-топ сұрақтары:

Себеп-салдар салалас дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.		
Түсіндірмелі салалас дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.	Талғаулы салалас дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.	Кезектес салалас дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.

3-топ сұрақтары:

Жалғаулықты және жалғаулықсыз болатын салаластарды атаңыз.		
Тек қана жалғаулықты болатын салаластарды атаңыз.	Жалғаулықты және жалғаулықсыз салаластарға мысалдар келтіріңіз. Тыныс бегілері туралы айтыңыз.	Тек қана жалғаулықсыз болатын салаластарды атаңыз.

4-топ сұрақтары:

Ыңғайлас мәнді жалғаулықтарды атаңыз. Оларға мысалдар келтіріңіз.		
Қарсылықты мәнді жалғаулықтарды атаңыз. Оларға мысалдар келтіріңіз.	Талғау мәнді және кезектес мәнді жалғаулықтарды атаңыз.Мысалдар келтіріңіз.	Себеп-салдар мәнді жалғаулықтарды атаңыз. Оларға мысалдар келтіріңіз.

Теориясы «Түсіну» (Неге? Неліктен? Не үшін?)

Сонан соң салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері жөніндегі білімдерін еске түсіру үшін мынадай кестелермен жұмыс жасаймыз. Мұнда оқушылар жай сөйлемді құрмалас сөйлемге айналдырып, құрмаласу тәсілін анықтайды.

6-слайд

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	Құрмаласу тәсілі
Ата-ананың айтқанын сөзсіз орында. Оларды құрметте.	Ата-ананың айтқанын сөзсіз орында, оларды құрметте.	Баяндауыштардың тиянақты формасы
Ағаш бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болған. Көптеген қазақ баласын бесікке салып асырайды.	Ағаш бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болған соң, көптеген қазақ баласын бесікке салып асырайды	Шылау арқылы
Қыста малды мұзды ойып суарады. Оны ойық дейді.	Қыста малды мұзды ойып суаратындықтан, оны ойық дейді.	Қосымшалар арқылы
Ер-тоқымдары сәнді.Сүйіндік зергерлері күмістеген, жалтылдап тұр.	Ер-тоқымдары сәнді: Сүйіндік зергерлері күмістеген, жалтылдап тұр.	Интонация арқылы

7-слайд. Мұнда оқушыларға алдымен сөйлем беріледі, оқушылар сол сөйлемнің құрмаласу тәсілін анықтайды және салалас мағынасын ажыратады.

Мысалдары	Салаласа құрмаласу тәсілдері	Салаластың мағынасы
Қазақтар жылды төр мезгілге бөледі де, оны қыс, көктем, жаз, күз деп атайды.	Ынғайластық жалғаулық арқылы	Істің ретін, бағытын көрсету
Саржала батырдың үш баласы болған, бірақ бұлардың ішінде асқан қайрат иесі, ақыл-парасаты кең, халық ұлы атанардай, әкесінің жолын қуардай ешкім болмаған.	Қарсылықты жалғаулық арқылы	Қарсылық
Мал сатқанда оны ноқтасымен не бас жібімен бермейді, себебі малдың басы кемиді деп ырымдайды.	Себеп-салдар жалғаулық арқылы	Себеп-салдар
Киіз үйдің сүйектерін не жіңішке қайыннан жасайды, не теректен жасайды.	Талғаулы жалғаулық арқылы	Талғаулы
Ешкі терісінен тігілген қымыз не айран құятын ыдысты кейде торсық деп атайды, кейде жан торсық деп атайды.	Кезектес жалғаулық арқылы	Кезектес
Қазақ жерінде екі түрлі келі болған: біріншісі – тақта келі, екіншісі – шұңғыл келі.	Интонация, орын тәртібі арқылы	Түсіндіру

Практикасы «Қолдану» (Оқулықта берілген жаттығу бойынша жұмыс жасау)

Саяхатымызды әрі қарай жалғастырамыз. Аптаның екінші күні – сейсенбі.

Сейсенбі күннің тапсырмасы: ***Киіз үйді безендіру, яғни киіз үй жиһаздарын атау.*** Мұнда үй жиһаздары атауының артына жасырынған сөйлемдерді салаластың түріне ажыратып, сөйлем мүшесіне талдаймыз. *Қазақ ырымы бойынша, сейсенбіде тырнақ алмайды, реніш тууы мүмкін. Сәтсіздіктің сабақтасуы ғажап емес.*

8-слайд: Мұнда әр топқа 2 сұрақтан беріледі. Қай топ қай атауды атаса, сол атауға байланысты сұраққа жауап береді.

1) *Абдыра:* Үйде кебеженің үстіне абдыра қойылады да, оның үстіне көрпе-жастықтар жиналады.

2) *Кебеже:* Ұсталар кебежені онша көркемдемейді, алайда ою-өрнекпен көркемделген кебежелер де кездеседі.

3) *Тұскиіз:* Оюлы тұскиіз тігу бұрын-соңды келе жатқан дәстүрінен шығып кетпеген: тұскиізді қызыл және қара мақпалдың қиығынан құрап тіккен.

4) *Алаша:* Әйелдер күнделікті тұрмыста жүн иірді, одан алаша, кілем тоқыды.

5) *Кілем:* Қазақ кілемдері түрік кілемдеріне өте ұқсас келеді, өйткені қазақ кілемінің шығу тарихы байырғы сақ, үйсін өнерінен бері басталған деседі.

6) *Сырмақ*: Жоғары сапалы үлпілдек жүннен басылған жұқа киіздің бетіне оюлар салынады да, кенеппен астарлап сырмақ жасалады.

7) *Киіз:* Мұндай киіз орта есеппен жиырма бес қойдың күзелі жүнінен шығады, жүз-жүз елу қойы бар адам бес-алты киіз басады.

8) *Асадал:* Асадал сәнді болу үшін оның бетін әр түрлі бояулармен өрнектеп сырлайды не сүйекпен өрнектеп әшекейлейді.

Практикасы «Қолдану» (Оқулықта берілген жаттығу бойынша жұмыс жасау)	Саяхатымыз әрі қарай жалғасады. **Аптаның үшінші күні – сәрсенбі. Сәрсенбі күннің тапсырмасы:** Аяғын көріп, асын іш (қазақтың ұлттық ыдыстарымен, сусындарымен танысу). Сонымен бірге аптаның бұл күнінде жай сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлем жасаймыз. *Қазақ ырымы бойынша сәрсенбіні Алланың елшісі «нахас күн» деген. Ол – дұшпанға қарғыс тиеді дегені. Сәтті күні жолға шығып, күрделі іс бастаңыз. Бұл күні тырнақ, шаш алмайды, пейіл бұзылар.* 9-слайд: Әр топқа 3 тапсырмадан беріледі. Атауларды топ мүшелері өздері таңдайды. Олар қай атауды таңдаса, сол атауға байланысты тапсырма беріледі. 1. *Саба*. Сабаны 10-15 күнде босатады. Оны тобылғы түтініне ыстап алады. 2. *Торсық*. Торсықты көбінесе түйенің мойнағынан жасайды. Шұбат ашытуға ешкі терісі де пайдаланылады. 3. *Сүйретпе*. Сүйретпені атан өгіздің терісінен жасайды. Оған қымыз, іркіт ашытатын болған. 4. *Шелек*. Кейде мұндай шелектердің түбі бөлек салынады. Кейде ағаш кесіндінің өзінен түп қалдырады. 5. *Келі*. Республикамыздың оңтүстік өңірінде құрама келілер жиі кездеседі. Тұтас ағаш бұл өңірде бола бермейді. 6. *Табақ*. Қазақша еттен табақ тартқанда оның бірнеше түрін білу абзал. Ондай табақтарды жасауға халықтың әдет-ғұрпын, дәстүрлерін, салт-санасын жақсы білетін, көргенді адамдар шақырылады. 7. *Күбі*. Күбінің аузы жіңішкелеу келеді. Дөңгелек қақпағының үстіне піспек өткізетін тесік жасалынады. 8. *Шұбат*. Шұбат – емдік қасиеті мол сусын. Қыр елінде қымыз бен шұбаттан жазылмайтын ауру кемде-кем дейді. 9. *Қымыз*. Алғашқы қымызды ауыл қарияларына таттыру рәсімі «қымызмұрындық» деп аталады. Күзгі соңғы қымызды ауыл адамдарына таттыруды «сіргі мөлдіретер» дейді. 10. *Ірімшік*. Ірімшікті жасау үшін қой мен ешкі сүтін қазанға құяды. Аздап жылытады. 11. *Малта*. Малта – езілген құрттың майда түйіршіктері. Аса дәмді, әрі жеуге жұмсақ. 12. *Бұжы*. Бұжы – өте дәмді тағам. Ол жаңа сойылған малдың етіне, іш майына, бауырына ұн қосып жасалады.
Теориясы «Талдау» (Салыстыр, айырмашылығы неде?)	Саяхат әрі қарай жалғасады. **Аптаның төртінші күні – бейсенбі. Бейсенбі күннің тапсырмасы:** ***Қазақша киінейік.*** Мұнда қазақтың ұлттық киімдерімен, зергерлік бұйымдарымен танысамыз. Ол үшін мәтіннен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, түрін ажыратамыз, жасалу жолын түсіндіреміз. *Қазақ ырымы бойынша бейсенбіні Алланың елшісі «жақсы күн» деп атаған. Алладан не тілесең де қабыл болып, сұрағаныңды беретін күн. Тырнақ, шаш алғанның ауруы кетеді. Ауруға бұл күннің шапағаты ем.* (Қима қағазда қай ұлттық киім немесе зергерлік бұйым суреті бейнеленсе, сол киім немесе бұйым туралы мәтін берілген) ***Сәукеле – ә***йел әшекейінің ең қымбаты – ұзатылатын қыздың үйінен киіп шығатын бас киімі – сәукеле. Оның негізін ақ киізден конус тәріздендіріп жасайды. Сырты қызыл шұға немесе қамқамен тысталады да, алтыннан, күмістен, әр түрлі асыл тастардан, түрлі шынылардан әшекейлер тағылады, құндызбен жиектеледі. ***Тақия.*** Тақия бір түсті металдардан қабатталып, сырылып тігіледі. Тақияның сырылуы өз қалауына байланысты болады. Төбесіне және қабырғасына көз шығарылып, сырып таққан көзді алтын, күміс жіппен толтыра тігіп, әшекейлеп те келген. Төбесінде ұстайтын жіңішке айдары болады. ***Қозекей*** – әйелдер киетін жұқа қамзол. Жағасы кеңірек ойылады да, жеңсіз болады. Аса ұзын емес, белден сәл ғана төмен түсіп тұрады. Көбінесе барқыттан тігіледі. Оны астарлап тігеді, бірақ арасына жүн, мақта салынбайды. Өңірі, жаға жиегі және омырауы түрлі-түсті зер жіптермен кестеленеді немесе ою-өрнек салынады. ***Шапан.*** Қазақтың ең ежелгі әдемі киімі – шапан. Шапан – арасына жүн немесе мақта салынып, сыртын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты матадан қапталып, іші астарланған жылы киім. Ол не тік жағалы болаы, не қайырма жағалы болады. Жағасы, өңірі, жеңі әсем ұлттық өрнектермен безендіріліп тігіледі. Кейде жиегіне әдемі болу үшін бағалы аң терілерінен, басқа қымбат матадан зер, бұлық немесе жұрын салады. Шапан үлгісіне қарай қаптал шапан, сырмалы шапан, қималы шапан т.б. түрлерге бөлінеді. ***Ішік*** – сыпайы әрі сәнді, әрі жылы киім. Мұның сыртын берік матадан, ішін аң, мал терілерінен құрайды. Жағасы – тік. Сәндік үшін жағасынан бастап, өңірі, етегіне дейін теріден жұрындайды. Ішіне салынған терісіне қарай ол күзен ішік, қасқыр ішік, бұғы ішік, түлкі ішік, сеңсең ішік, жанат ішік, пұшпақ ішік, суып ішік деп аталады, алайда бір үлгіде тігіледі. Қазақтың салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарында ішіктің алатын орны ерекше. Өйткені оның тәлім-тәрбие мен құқықтық ережелері бар. Мысалы, қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды, себебі жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады. ***Қазақтың аяқ киімдері – байпақ, етік, кебіс, мәсі.*** Етікті ертеде илеген теріден де тіккен. Қара, сары, қызыл түсті былғарыдан ою-өрнектеп тіккен етікті «саптама етік» немесе «сапиян етік» деп атаған. Ал мырза, сал-серілер қара түсті былғарыдан оюлатып етік киюді әдет еткен. ***Мәсі*** – аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы бар: өкшесі болмайды, сыртынан кебіс киеді. Қазақ әйелдерінің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрін жүзік немесе **сақина** деп атайды. Сақиналар ұрыптық дәстүрде, негізінен, үйлену салты кезінде қолданылады. Ұзатылған қыздарға арналып жасалған жүзікті құс мұрын жүзік деп атаған, ал қос көзді ауқымды етіп соғылған салмақты жүзіктерді құдағи жүзік деп атаған. Жүзіктер жасалу түрі мен қолданылу ретіне қарай отау жүзік, жималы жүзік, тасбақа жүзік деп аталған.

Теориясы «Талдау» (Салыстыр, айырмашылығы неде?)	Қыз-келіншектердің белдіктері күміс әшекейлермен сәнделеді, бірақ ерлердікіне қарағанда нәзік, әшекейлері мол, көркем болады. Олар не теріге, асыл маталарға жапсырылады, не нәзік сымдармен үзбеленіп бекітілген қапсырмалармен әсемделіп жасалады. Белдіктердің өз сипаттарына қарай кемер белдік, кісе белдік деп аталатын түрлері кездеседі. Мойынға тағатын әшекей заттың бірі – ***бойтұмар***. Оны ертеде әйелдер де тағатын болған, еркектер де тағатын болған. Тұмар іші қуыс, әдемі былғарыдан тігіліп, ою-өрнектеліп, күміс шынжырмен мойынға асып алады. Адамды пәле-жаладан, тіл-көзен сақтау үшін оның қуысына қасиетті дұғаны қағазға жазып тығып қояды. Қазақ келіншектерінің ең әдемі, ең көп қолданған әшекей заты – *түйреуіш*. Әйелдер алтындаған, күмістеген түйреуіштер де таққан, түрлі-түсті тас орнатқан түйреуіштер де таққан. ***Білезік*** – әйел адамның білек буынына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым. «Білезік» сөзінің шығу төркіні – білек және жүзік сөздерінен құралған. Ол жасалған материалы, түр-тұлғасына қарай: алтын білезік, күміс білезік, сом білезік, топсалы білезік, құйма білезік, құрама білезік, қос білезік, жұмыр білезік, бес білезік т.с.с. атала береді. Солардың ішіндегі ерекшесі – бес білезік. Мұндай білезіктің алақаны жалпақ болып келеді де, білектің екі басы топса арқылы түйменеді. Металл шынжырмен шыжымдалған бес сақина бес саусаққа киіледі. Бес білезік аталуы да осыған байланысты болса керек. ***Қапсырма*** – қамзол, қажекей, кеудеше тәрізді киімдерді екі өңірінен қаусырып, іліп тұратын металл ілгек. «Қапсырма» сөзі қаусыру сөзінен туындаса керек. Қапсырманы қымбат бағалы металдардан әшекейлеп, бағдарлап, лажылап, сіркелеп жасайды да, асыл тастардан көз орнатады. Қазақ әйелдеріне арналған көркемдік бұйымның тағы бір түрі – ***сырға***. Сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар құлаққа тағады, сондықтан сырғалар әсем де жеңіл жасалады. Сырғаның ай, айшықты, тұмар, қозалы, салпыншақты, тас, алтын, күмісті, қоңыраулы, күмбезді т.б. түрлері болған.
Теориясы «Жинақтау» (қорытынды жасау, жүйелеу)	Саяхатымызды әрі қарай жалғастырамыз. **Аптаның бесінші күні – жұма.** ***Жұма күннің тапсырмасы – Дәстүріңді сақтай біл, яғни қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен танысамыз.*** Ол үшін оқушыларға мынадай тапсырма беріледі: Салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін пайдаланып, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы мәтін құрастыру. *Қазақ ырымы бойынша жұмада тырнақ алғанның дәулеті тасып, малы мыңғырады. Түнде Аллаға сыйынып, жалбарынып сұраса, тілегі қабыл болады.* Саяхат әрі қарай жалғасады. **Аптаның алтыншы күні – сенбі. Сенбі күннің тапсырмасы – сабақты қорыту.** Яғни сабақтың бұл кезеңі ой қорыту деп аталады. ***Қазақ ырымдары бойынша сенбіде тырнақ алмайды, бір жерін кесіп алуы мүмкін. Нендей іске де сәттілік тілесе, оңға басар***. а) Сабақты қорыту үшін алдымен тест жұмысын жүргіземіз (Әр топқа 3 сұрақтан) **1.Кезектес салаластың жалғаулықтарын табыңыз.** *А) сондықтан, неге десеңіз, өйткені* *В) сөйтсе де, әйтсе де, әйткенмен* *С) және, да, де, әрі* *Д) немесе, не болмаса, әйпесе* *Е) бірде, біресе, кейде* **2. Кезектес салаласты табыңыз.** *А) Бәріне де тоқтағың, бәрімен де жолыққың келеді, - оған уақыт аз.* *В) Құрыш қайнаған сайын шынығады, ер қиналған сайын тынығады.* *С) Сәуле біресе отыра қалып жазады, біресе қомбайн макетімен шұғылданады.* *Д) Оған өз тәжірибесі дәлел: сабаққа нашар еді, қазір түзелді.* *Е) Барар жерін не өздері білмейді, не білгеннің сөзіне ермейді.* **3. Себептік жалғаулықтар қатарын көрсетіңіз.** *А) менен, пенен, және, әрі* *В) әйткенмен, бірақ, дегенмен, сонда да* *С) немесе, біресе, әлде* *Д) сондықтан, егер* *Е) өйткені, себебі, неге десеңіз* **4. Кезектес жалғаулық арқылы байланысып тұрған бірыңғай мүшелі сөйлемді табыңыз.** *А) Оқта-текте айқай-ұйқай, аттың дүбірі естіледі.* *В) Машина үш жұмыс орындайды: біресе егінді орады, біресе бастырады, біресе тазалайды.* *С) Ол – зейінді және әдепті бала.* *Е) Ана, сені қараңғыдан тапқанымa әрі қуандым, әрі қиналдым.* **5. Ыңғайлас салалас сөйлемді табыңыз.** *А) Сиырының тұқымы да жақсы, бабы да жақсы екен.* *В) Бүгін мені күткендердің саны есепсіз.* *С) Күн шықты.* *Д) Тіл – ұлтымыздың қасиетті қазынасы.* *Е) Дегенмен үйге ерте келгендіктен, бәріне үлгердім.* **6. Ең жақсы тіл – ана тілі, оның осылай екендігі жөнінде маған сенініздер.Сөйлем қандай сөйлем?** *А) ыңғайлас* *В) қарсылықты* *С) кезектес* *Д) жалғаулықты* *Е) түсіндірмелі* **7. Шартты белгі ненің белгісі? - - - - - - - - - - -** *А) пысықтауыш* *В) анықтауыш* *С) баяндауыш* *Д) бастауыш* *Е) толықтауыш*

Теориясы «Жинақтау» (қорытынды жасау, жүйелеу	**8. Құрмалас сөйлемдерден қарсылықты түрін табыңыз.** *А) Жүрген жерін білетін шығар, өйткені ол да жақында Жайық бетінен келді.* *В) Қоңырау соғылды да, сабақ басталды.* *С) Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, не құлағымен естіген айтар.* *Д) Күн жауып кетті, - оны елеген ешкім болған жоқ.* *Е) Клубта кейде кино болады, кейде қызықты баяндамалар тыңдалады.* **9. Үйде шешен, - дауда жоқ. Салаластың түрін анықтаңыз.** *А) Талғаулы В) Түсіндірмелі С) Ыңғайлас Д) Қарсылықты Е) Кезектес* **10. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.** *А) Көпті үлгі болсын десең, оның алдында өзің де үлгілі бол.* *В) Қазақ – қазақ болғалы, көрдік қой талай хандарды.* *С) Ақын жауабын аяқтады, жастар тағы сұрақтар жаудырды.* *Д) Көшпелі елдің қоры болғанша, егінші елдің зоры бол.* *Е) Арқалаған ауыр жүгін түскендей, көргендеймін еңбегімнен жемісті.* **11. Талғаулы салаласты көрсетіңіз.** *А) Күн бұлттанды, бірақ жаңбыр жауған жоқ.* *В) Кеше тауға бардық.* *С) Не мына Әбдіні қаламызға шығарып бер, не болмаса кепіл бол.* *Д) Сәлім – әке-шешесінің тұңғышы әрі жалғызы.* *Е) Көзімді құла атқа аударып ем, ол басын бұрып бізге қарап тұр екен.* **12. Себеп-салдар салаласты көрсетіңіз.** *А) Ертең жұмыс күні еді, ертерек жатайық.* *В) Сөз күші – көп нәрсені аз сөзбен айту.* *С) Мені жұмсаған жоқ, өзім келдім.* *Д) Созбақтай берсе, ең тамаша сөз де жалықтырады.* *Е) Сабақта ұстаз бірде ауызша сұрайды, бірде жазбаша сұрайды.* **Ә) Топтастыру стратегиясы бойынша салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері жөніндегі білімдерін жүйелеп, топтастырамыз.** 10-слайд:
Үйге тапсырма	Саяхатымызды әрі қарай жалғастырамыз. **Аптаның жетінші күні – жексенбі.** ***Жексенбі күннің тапсырмасы – үйге тапсырма беру.*** Қазақ ырымдары бойынша жексенбіде құрылыс бастаса, сапалы әрі тез бітеді. Жеміс ағаштарының көшетін отырғызса, тез өседі. *Тырнақ алса, дүние-мүлік азайып, дәулет қашады деген ырым бар. Қысқасы, Алланың күнінің жаманы жоқ, бәрі де жақсы.* ***Үйге:*** Салаластың түрлерін қатыстырып мәтін құрау, ондағы сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау. Салаластың түрлерін қайталау.
Практикасы «Бағалау» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?)	Бағалау парақшасы арқылы бағаланады. Өзін-өзі және топпен бағалайды.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Мақтаарал ауданы

§ 17.18 Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығы

З. Ш. ПАУЕДЕНОВА, №28 жалпы білім беретін орта мектептің физика пәнінің мұғалімі

Сілтеме	Жоспар
Жалпы мақсаты	Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығы жайлы мағлұмат беру • Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығын күнделікті өмірде, есеп шығаруда қолдана білуге үйрету • Топта бағалауға баулу
Күтілетін нәтиже	• Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығы жайлы мағлұмат алады • Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығын күнделікті өмірде, есеп шығаруда қолдануға үйренеді • Топта бағалай алатын болады
Негізгі идеялар	Дененің немесе дене бөлшектерінің уақыттың өтуіне қарай бір-бірімен салыстырғандағы бұрынғы орнының өзгеруі механикалық қозғалыс деп аталады. Қозғалмайды деп есептелетін және басқа денелердің қозғалысы соған салыстырылып қарастырылатын денені санақ денесі деп атайды. Ал, онымен салыстырғанда бұрынғы орнын өзгертетін дене қозғалыстағы дене деп аталады. Кез келген механикалық қозғалыс салыстырмалы болып табылады. Санақ жүйесі деп санақ денесімен байланысқан координата жүйесі мен сағатты айтады.
Тапсырмалар	Топтық жұмыс «Жигсо». Жұптық жұмыс. Топтық жұмыс «Блум таксономиясы»

Сабақ бойынша мұғалімнің жазбалары: (мұғалім және оқушы немен айналысады)

I. Ұйымдастыру (2 минут) 1.1. Сәлемдесу

1.2. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу

1.3. Түгелдеу

1.2. Топқа бөлу (1,2,3 сандары арқылы 3 топқа бөлінеді)

II. Үй тапсырмасын тексеру (4 минут)

1. Заттар қандай күйде бола алады?
2. Заттың қатты күйіне тән қасиет қандай?
3. Заттың сұйық күйіне тән қандай қасиет?
4. Заттың қатты күйіне тән қасиет?

III. Талқылау үшін сұрақтар беріледі (3 минут)

1. Механикалық қозғалыс деп қандай қозғалысты айтады?
2. Санақ денесі деген не?
3. Тыныштық салыстырмалы дегеніміз не?

IV. Топтық жұмыс «Жигсо» (15 минут)

Топта 5 рөлді: лидер, баяндамашы, хатшы, уақыт сақшысы және бақылаушыларды анықтайды. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүреді: берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді.

Бақылаушының бағалау парағы

Бағалау өлшемдері	Көшбасшы	Хатшы	Баяндамашы	Уақыт сақшысы
1.Тақырыптың ашылуына үлес қосу				
2. Міндетін атқару				
3. Топтық жұмысқа атсалысуы				

Әр оқушы өзіне жүктелген рөлдің міндеттерін атқарады. Топ пікірлерін тыңдау.

Y. Жұптық жұмыс (5 минут) Берілген суретті түсіндіру.



Жұптың пікірлерін тыңдау, барлық айтылған ой-пікірлерді бағалаудың мақсатына сәйкестендіру

V. Сергіту сәті (3 минут) (видео)

VI. Жеке жұмыс «Блум таксономиясы» (10 минут)

1.Білу	Санақ денесі дегеніміз не?
2. Түсіну	Санақ денесіне мысал келтір?
3. Қолдану	Планеталардың қозғалысын түсіндір?
4. Талдау	Алып планеталар мен Жер тобындағы планеталарды салыстыр?
5. Жинақтау	Жер планетасын сипаттап бер?
6. Бағалау	Адам баласы үшін планеталардың қозғалысы қаншалықты қажет? Жасаған жұмыстарын 2 жұлдыз, 1 ұсыныспен бағалау.

VI. Кері байланыс (не үйрендім, не қиын болды, сұрақ.) (3 минут)

Кейінгі тапсырмалар. Эссе жазу

Кейінгі оқу. § 17.18 Механикалық қозғалыс. Санақ денесі. Қозғалыстың салыстырмалылығы

Атырау қаласы

ИНТЕРВЬЮ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

А. С. АИПОВА,
М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайы,
«Қаламгер» жас тілшілер орталығының жетекшісі

Сабақ мақсаты: интервьюдің түрлері туралы оқушыларға мағлұмат беру, практикалық тапсырмалар арқылы жаңа сабақты түсіндіру.

1.Білімділігі: сұхбат жайлы толық мағлұмат беру, сұхбаттың түрлеріне тоқталып, сұхбат алуды үйрету.

2. Дамытушылығы: оқушылардың сөздік қорларын дамыту, сабақта істеген жұмыстарын қорғай білу, ең бастысын айқындауды жүйелендіру, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, жеке қабілеттерін ашу.

3. Тәрбиелігі: оқушылардың эстетикалық, этикалық, бір-бірлерін сыйлай білу қасиеттерін тәрбиелеу. Жалпы адамгершілік қасиеттерін, мейірімділік сыпайы болу қасиеттеріне тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдістемелік жабдықтауы: интервьюдің түрлері туралы слайд материалдар, ата-аналарға арналған кеңестер, суретті мақал-мәтелге керекті плакаттар, маркерлер.

Оқыту әдісі: сұхбат, сұрақ-жауап, топтық, дербес.

Сабақ формасы: топтық, дербес.

Өтілу барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, үй тапсырмасын тексеру.

2. Оқушылардың білімдерінің өзектілігін тексеру. Өткен материалды қайталап, жаңа сабаққа көшуге бейімдеу, жаңа өнімді шығаруға оқушылардың білімдерін қалыптастыру.

– Интервью дегеніміз не?

– Интервью не үшін керек?

3. Ұстаздың жаңа материалды түсіндіруі, сабақ мазмұнын әдісін құралын баяндау.

Жаңа сабақты баяндау. (слайд) Мұғалім тақтаға қарап, интервью және оның түрлері туралы баяндайды.

Интервьюдің түрлері. Зерттеу кезеңіне байланысты

• ***Алдын-ала интервью.*** Алдын-ала дайындаған сұхбат, ең алғашқы сұхбат.

• ***Негізгі интервью.*** Ең негізгі материалдар негізінде болады.

• ***Бақылау интервью.*** Негізгі материалдарды толықтыру үшін қолданады.

Қатысушының санына байланысты

• *Дербес интервью дегеніміз* — бір тілші сұрақ қояды және сұраққа жауап беретін бір адам болады.

• *Топтық интервью дегеніміз* — екі немесе одан да көп тілшілер сұрақ қояды.

• *Бұқаралық интервью дегеніміз* — жүзден аса тілшілер немесе одан да көп тілшілер сұхбат алады.

Интервьюдің классификациясы: Н.Г. Богданов және Б.А. Вяземскийдің «Журналист анықтамасында»:

Интервью – композициясына қарай, формасы мен ерекшелігіне қарай тағы да, интервью-диалог, интервью-монолог, коллективтік интервью, интервью-бейнелеу және сауалнама деп жіктеледі.

Интервью-диалог дегеніміз – өте көп кездесетін интервьюдің түрі, сұрақ-жауап ретінде келеді.

Интервью-монолог дегеніміз – тілші бір ғана сұрақ қойып, тақырыпты айтады, кейін сұхбат берген адам өзі жауап айтып, көбіне өзі сөйлейді. Саясаткерлердің берген сұхбаты, жеке кәсіпорындардың есеп-сұхбатын жатқызуға болады.

Коллективтік интервью дегеніміз – бірнеше адамдармен сұхбат жүргізіледі,тілші сұрақ қояды бірнеше адам жауап береді. Интервьюдің бұл түріне дөңгелек стол, пресс-конференция және брифингтерді жатқызуға болады.

Интервью-бейнелеу дегеніміз – тілші сұрақты қоя отырып, өзінің ойын толық айтады, өз көзқарасын білдіреді, қысқаша мінездемелер беріп отырады.

Сауалнама дегеніміз – интервьюдің бұқаралық түрі, тілші өзінің оқырмандарымен сырттай сөйлеседі, әлеуметтік сұрақтар қойылады. Мысалы: Сіздің сүйікті актеріңіз, сіздің сүйікті машинаныңыз т.б.

4. Практикалық жұмыс (Оқушылар конверттегі жасырылған қонақтардың суретін таңдап алады. Ол ата-ана, ұстаз болуы мүмкін)

1 топ. Оқушылар сабаққа келген журналист қонақтан сұхбат алады.

«Бәйтерек» тобының сұрақтары

1 сұрақ. Балалар журналистикасы дегеніміз не?

2 сұрақ. Сіз балалар журналистикасымен неше жыл айналысып келесіз?

3 сұрақ. Мақаланы қалай жазамыз?

4 сұрақ. Журналистика қиын мамандық, бізге болашақ тілшілерге беретін кеңестеріңіз қандай?

«Атамекен» тобының сұрақтары: Оқушының ата-анасына қойылады.

1 сұрақ. Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па, әлде қатаң тәрбиелеген дұрыс па?

2 сұрақ. Болашақта балаңыз кім және қандай болсын деп армандайсыз?

3 сұрақ. Балаларыңыз игілікті іс істесе, қалай мадақтайсыз, теріс әрекет жасаса, қалай жазалайсыз?

4 сұрақ. Еліміздің тәуелсіздік жылдары сіздің отбасыңызға жақсы өзгерістер әкелді ме?

5. Ата-анаға кеңес. (Оқушылар тапсырманы орындағанша, ата-аналармен сұхбат)

5. Мақал-мәтелдер оқу. Слайдқа шығару

1. Ата-бәйтерек,
Бала жапырақ.
2. Адам ақылымен сымбатты,
Ұрпағымен қымбатты.
3. Балалы үйдің еңсесі биік.

4. Ұлы бар үйде қуат бар,
Қызы бар үйде бақыт бар.
5.Баланы қақпай өсірсең,
Не басын жарады,не басыңды жарады.
Ата-анаға сұрақ-жауап.
1.Балдан тәтті не? *(бала)*
2.Қара шаңырақ иесі кім? *(кенже ұл)*
3.Балаға кім сыншы? *(ата)*
4.Әкеден балаға берілетін зат *(мұра)*
5. Үйде кім, елде кім қадірлі? *(үйде қонақ, қарт, бала қадірлі; елде хан, әкім, ұстаз қадірлі)*
6.Үйдегі алтын қазық кім? *(ана)*
7. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заң қашан қабылданады? *(2002 жыл, 8-тамыз)*
8. Жасөспірім бала неше жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады? *(14 жас)*

6. Оқушылар қонақтардан алған сұхбатты оқиды.

7. Сабақты қорытындылау. Өткен материалға байланысты жылдам тест жүргізу, (тест слайдқа шығады - балалар орындарынан жауап береді)

8. Білімдерін бекіту.
–Сабақ жайлы өз ойларын айту
–Сабақтың мақсатына жеттік пе?
–Сабақ сендерге ұнады ма?
«Тілшілер» туралы бес жол өлең шығарту.

Павлодар қаласы

§5. Оғыз мемлекеті (IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың басы)
орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы

Н. Ш. АБИШЕВ, Мұғалжар орта мектебінің мұғалімі

7-сынып

Мақсаты	Оқушыларды Оғыз мемлекетінің пайда болу тарихымен таныстыру.
Сабақтың міндеттері	1. Оғыз мемлекетінің құрылуы, жер аумағы, тайпалық құрамы, қоғамдық құрылысы, саяси жағдайы, шаруашылығы, кәсібі мен қолөнері жөнінде түсіндіру. 2. Әр түрлі тапсырмалар беру арқылы ой-өрісін дамыту. 3. Отансүйгіштікке, өз елін құрметтеуге тәрбиелеу.
Көрнекілігі	Интербелсенді тақта, карта, кесте.
Әдіс-тәсілі:	Кестемен, картамен жұмыс, баяндау, сұрақ-жауап
Үй тапсырмасын тексеру:	Сұрақ – жауап: Кім жылдам? 1. Қарлұқ қағанатының тарихи шеңбері. (756-940ж.ж.) 2. Қарлұқтар қай жерлерді мекендеген? (Жетісу, Іле, Шу, Талас алқаптары) 3. Құрамындағы тайпаларды ата. (үш жікіл, үш бескіл, бұлақ, көкеркін, тухси, лазана, фаракия) 4. Қарлұқтардың құрамы тоғыз тайпадан тұрғанын жазған тарихшы. (әл-Марвази) 5. Қарлұқтар туралы мәліметтер қандай деректерде кездеседі? (қытай, араб-парсы, Күлтегін жазбаларында) 6. Қағанаттың негізгі орталығы. (Суяб қаласы) 7. Қарлұқтардың Қашғарияны жаулап алған жылдары. (766-775 ж.ж) 8. Ұйғыр қағанатымен болған күрес неше жылға созылды? (20 жылға) 9. 840 жылы кімдерді жеңді? (Ұйғыр қағанатын) 10. Қағанаттың негізін қалаған кім? (Білге Күл Қадыр - хан) 11. II ғасырға созылған күрес кімдермен болған күрес? (арабтармен) 12. Қарлұқтар арасындағы ислам дінін қабылдау қай ханның тұсында басталды? (Сатұқ-Боғра хан) 13. Қандай шаруашылықпен айналысты ? (мал және егін) 14. Төрт түліктің қандай түрлерін өсірген? (барлық түрін) 15. Қандай қосалқы шаруашылықпен айналысты? (аң аулау, балық аулау) 16. Қандай ірі қалалары болған? (Құлан, Мирки, Атлах, Балық, Барсхан, Талғар, т.б.) 17. Қарлұқтардың мәдениетінде қандай салалары дамыды? (Материалдық, рухани) 18. Халықтың тіршілік мұқтаждығын өтейтін заттарына не жатады? (үй – жай, киім-кешек, тамақ, қару-жарақ, құрал – сайман, т.б.) 19. Мәдениеттің рухани саласына нелер жатады? (халықтың дүниетанымы, жан-дүниесі, діни наным – сенімі, тілі, әдет – ғұрпы, салт- санасы,т.б.) 20. Орта ғасырлық тайпалардың асыл қазыналары, озық туындылары. (Иолығ-тегін, Тоныкөк, Күлтегін жазбалары)

Сабақтың барысы:	а) Ұйымдастыру бөлімі ә) Үй тапсырмасын тексеру б) Жаңа сабақ в) Бекіту бөлімі г) Үйге тапсырма д) Бағалау
